

№1 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырып: Ғылыми стиль ерекшеліктері. Ғылыми стиль лексикасы. Ғылыми стиль морфологиясы.

Ғылыми стиль - зат не құбылысты ғылыми негізде сипаттап, нақты дәлелдер арқылы білдіретін функционалды стильдің бір түрі.

Ғылыми стильдің мақсаты — заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру.

Ғылыми стильдің тілдік көріністері: сөздер тура мағынасында қолданылып, дәл айтылады. Образды сөздер аз, термин сөздер көп кездеседі. Ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме, формулаларға негізделеді.

Ғылыми стиль жазба стильге жатады, оған әр ғылым саласында жазылған ғылыми еңбектер, зерттеулер, оқулықтар кіреді. Қызметіне қарай ғылыми стильге нақтылық, логикалық және мазмұн дәлділігі қажет. Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормалары қатаң сақталады. Стильдің бұл түрінде көп мағыналы сөздер қолданылмай, сөз бір ғана өзінің лексикалық мағынасында қолданылады.

Жалпы ғылыми және терминдік лексиканың молдығы жиі күрделі тұжырымдамалар мен айғақтар болып табылады. Бейтарап стилі.

Автор мен оқырман - сөзімен субъектісі туралы бірдей хабардар

Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады. Олар: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің құрылысының сыртқы элементтері, кіріспе, бөлім, әр бөлімнің түйіндемелері, қорытынды сияқты белгілі жүйелілік сатыдан тұрады.

Ғылыми стильдің ірі және шағын жанрлары болады. Ірі жанрларына жеке автордың және ұжымдық ғылыми ебектер жатады: диссертация, энциклопедия, сөздік, оқулық, оқу құралы. Ғылыми стильдің ұсақ жанрларына мақала, реферат, тезис, рецензия т.б. жатады.

Сөйлеуде жалпылама – дерексіз, логикалық, дәлелдеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Ғылыми стильге жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі - мұнда ой күрделеніп, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Сонымен бірге әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктер болады.